



Автор: Баянбаева Амангуль Гарифуллаевна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 6-сынып
Бөлім: Тарихи тұлғалар
Тақырып: Тарихи тұлғалар тағылымы

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	6.3.1.1 Мәтіндерге қарапайым жоспар құра отырып, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді құрастырып жазу. 6.4.3.1 Көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу.
Бағалау критерийлері	□ Мәтіндерге қарапайым жоспар құрады, □ әртүрлі жанрдағы мәтіндерді құрастырып жазады □ көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизмдердің қолданылатын орындарын біледі; □ оларды басқа сөздерден ажырата алады.
Тілдік дағдылар	Сөзуар, қолды болу, қосып айту, ала жібін аттамау.
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың бойына топтық, жұптық жұмыс жасау барысында бірін-бірі тыңдай білу, өзгенің пікіріне құрметпен қарау құндылықтарын дарыту, бірін-бірі бағалауы кезінде академиялық әділдік саясатын ұстануға үйретуге бағытталған.
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география
Бастапқы білім	Оқушылар алдыңғы сабақта алған білімдеріне сүйенеді, тарихи тұлға туралы білімдерін толықтырады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Амандасу, оқушыларды түгендеу. «Сәттілік тілеу» тренингі Оқушыларды топқа бөлу. Абай, Құрманғазы, Бауыржан. (тұлғалардың суреттерінің қиындысы арқылы топқа бөлу) Ой қозғау «Тарихи тұлғалар» деп кімдерді айтамыз? Тыңдалым арқылы оқушыларға ақпарат беру. Тақтаға тұлғалардың өмірбаяндары қысқаша айтылады. Оқушылар қай тұлғаның өмірі екенін табулары қажет	Слайд Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым), 2008 ж.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 минут)	<p>Топтық жұмыс. 1-тапсырма</p> <p>Мәтіндерді оқып, жоспар құрыңыз. Көнерген сөздерді қызылмен, эвфемизмдерді көкпен, дисфемизмді жасыл қаламмен астын сызыңыз.</p> <p>I топ. Сегізінші қара сөзі Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кімтыңдайды? Біреу - болыс, біреу - би. Олардың ақыл үйренейін, насихаттыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Оларөздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз депсаяланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол неқылып тыңдасын және тыңдайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндікжұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегібұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бүлдіріпаламыз ба, яки өзіміз шығымдап, шығынымызды толтыра алмай қаламызба? - деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын дегенбейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.</p> <p>II топ. Құрманғазы күйлерінің шығу тарихы Құрманғазы күйшінің алғашқы шығармаларының бірі – “Кішкентай”. Бұл күй көтеріліс басшысы Исатайға арналған. Оның шығарған “Ақбай”, “Ақсақ киік”, “Көбік шашқан”, “Түрмеден қашқан”, “Адай” деген күйлерінде нұрлы болашақ, халық үміті, үстем тапқа деген ыза-кек шебер суреттеледі. Күйші “Сарыарқа” күйі арқылы туған жерді, кең байтақ даланы көз алдына келтіреді. Құрманғазы күйлері тыңдаушысын бай сазымен, кербез нақышымен, жігерлі қуатымен борандатып, ұшқыр екпінімен баурап әкетеді. Күйлерінің көпшілігінің тақырыбы бар, құрылымы жағынан бір жүйеге түскен ауқымды туындылар. Күйші домбыраның орындау әдістерін, аспаптың дыбыстық және техникалық бай мүмкіндіктерін мейлінше толық қолдана білген. Құрманғазы күйлерінің ерекшеліктеріне – күйдің шарықтау шегінің, яғни кіші саға мен үлкен сағаның жазыла түсуінің арқасында домбыра диапазоны толық игеріліп, күйдің өзіндік өлшемі мен ырғағы шығарманың өне бойында ауытқымай сақталып отырады. “Балбырауын”, “Ертең жетем”, “Бұқтым-бұқтым”, “Балқаймақ”, “Боз қаңғыр”, “Не кричи не шуми”, “Айжанай”, “Лаушкен” т. б. көптеген күйлері жайлы төменде толық анықтамалар беріледі</p> <p>III топ. Шығыс ұлына хат! Біздің қазіргі уақыттағы орнымыз қанды майдандағы қызу ұрыста ғой. «Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай, еңку-еңку жер шалмай» біздің ісіміз бітпейтін нағыз қызу кезең осы емес пе, Шығыс ұлы! Мен саған осы хатты немістің блиндажында жазып отырмын. Жанымда бірнеше казак жігіті бар. Осыдан 40 минут бұрын бұл блиндажда немістер отырды. Біз оларды қамауға алып, үстінен басып қалдық. Тек аз тама солдаттары қашып құтылды. Сен біз «дәу қара» деп атайтын Қарағандының забойшигі Бейсенәліні білесің ғой! Ол қазір бізбен бірге. Өзі де дәу қара десең, дәу қара - ау! Бүгінгі ұрыста жұртты тым - ақ сүйсіндірген сол болды. Оның қимылы да қызық. Сонша Ірі денесімен керіліп тұрып немісті найзаға түйреп алып, басынан асыра кейін лақтырады. Жау онымен қарсыласуға беттемей жалт береді. Жана оны командир шақырып алып, арқасынан қағып, алғыс айтты. Жауынгерлер оған Шығыс ұлы деп ат қойып алды. Менің есіме сен түстің сонда. Сондықтан саған хат жазуды дұрыс деп таптым.</p>	слайд түрлі-түсті қаламдар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар				
Сабақтың ортасы (10 минут)	<p>2-тапсырма</p> <p>I топ - Абайдың «Қара сөздері» кітабына жарнама жасау.</p> <p>II топ- Бауыржан Момышұлына хат жазу.</p> <p>III топ- Құрманғазы оркестрінің күй кешіне хабарландыру жазу.</p> <p>3-тапсырма Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін тексеру үшін «ШЫН», «ЖАЛҒАН» әдісін қолданылады.</p> <p>1) Көнерген сөздер - күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылмайтын, бірақ тілдің сөздік қорда сақталған, көпшілікке түсінікті сөздер. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»?</p> <p>2) Күнделікті ауызекі сөйлеуде әдепті сөзді әдепсіз, дөрекі сөздермен ауыстырып айта беру әдеті де кездесіп қалады. Мұны көнерген сөздер деп атайды. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»?</p> <p>3) Дөрекі сөздерді сыпайы, жағымды сөздермен ауыстырып айту эвфемизм деп аталады. «ШЫН»? «ЖАЛҒАН»?</p> <p><u>Дескрипторлар</u></p> <p><input type="checkbox"/> Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді ажыратып, құрылымын ескеріп, қарапайым жоспар құрады.</p> <p><input type="checkbox"/> көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизмдердің қолданылатын орындарын біледі;</p> <p><input type="checkbox"/> оларды басқа сөздерден ажырата алады.</p> <p>Бекіту тапсырмасы Тұлғамен кездесу сұхбаты</p> <table border="1" data-bbox="316 797 1137 913"> <tr> <td data-bbox="316 797 480 913">Кіммен сөйлесемін?</td> <td data-bbox="488 797 655 913">не жайлы сөйлесемін?</td> <td data-bbox="663 797 922 913">қандай сөз тіркестерін қолданамын?</td> <td data-bbox="930 797 1137 913">Қандай нәтижеге жетемін?</td> </tr> </table>	Кіммен сөйлесемін?	не жайлы сөйлесемін?	қандай сөз тіркестерін қолданамын?	Қандай нәтижеге жетемін?	постер А3 маркерлер
Кіммен сөйлесемін?	не жайлы сөйлесемін?	қандай сөз тіркестерін қолданамын?	Қандай нәтижеге жетемін?			
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Рефлексия</p> <p>Мұғалім сабақ соңында оқу мақсатына қайта оралып, оған қаншалықты жеткендіктерін талқылап, мынадай стратегия арқылы оқушылардың ойын тыңдайды.</p> <p>Мен ... ақпарат алдым.</p> <p>Маған ... қызықты болды.</p> <p>мен ... түсіндім.</p> <p>Менің ұсынысым..</p>	Түрлі түсті қағаздар				